

**Жанама салықтарды төлеу мерзімі өзгертілген және талаптар орындалған тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығынан босатуды қолдану қағидалары мен шарттарын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2021 жылғы 29 наурыздағы № 262 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 30 наурызда № 22430 болып тіркелді.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 399-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

**Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 02.06.2021 № 519 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1. Қоса беріліп отырған Жанама салықтарды төлеу мерзімі өзгертілген және талаптар орындалған тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығынан босатуды қолдану қағидалары мен шарттары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрі*

*Е. Жамаубаев*

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2021 жылғы 29 наурыздағы  
№ 262 Бұйрықпен  
бекітілген

**Жанама салықтарды төлеу мерзімі өзгертілген және талаптар орындалған тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығынан босатуды қолдану қағидалары мен шарттары**

## **1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Жанама салықтарды төлеу мерзімі өзгертілген және талаптар орындалған тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығынан босатуды қолдану қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 399-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес әзірленді және Салық кодексінің 49-бабының 10-тармағына сәйкес жанама салықтарды төлеу мерзімі өзгертілген және Салық кодексінің 457-бабында белгіленген, Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) аумағында тауарлардың экспорты үшін ҚҚС есептеу және төлеу бойынша талаптар орындалған тауарлардың импорты кезінде қосымша құн салығынан (бұдан әрі – ҚҚС) босатудың тәртібі мен шарттарын айқындайды.

**Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің 02.06.2021 № 519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

1-1. Осы Қағидалардың қолданысы тауарлар импортын жүзеге асыратын тұлғаларға және:

ЕАЭО кеден заңнамасына және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес уәкілетті экономикалық операторға;

порттық немесе логистикалық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың қатысушысы болып табылатындарға таралады.

**Ескерту. Қағида 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Қаржы министрінің 02.06.2021 № 519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

**2-тарау. Жанама салықтарды төлеу мерзімі өзгертілген және талаптар орындалған тауарлардың импорты кезінде қосылған құн салығынан босатуды қолдану тәртібі мен шарттары**

2. Порттық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың немесе логистикалық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың аумағынан порттық немесе логистикалық еркін (арнайы, ерекше) экономикалық аймақтың қатысушылары, сондай-ақ уәкілетті экономикалық операторлар Қазақстан Республикасының аумағына тауарлар импорты, мынадай:

1) егер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорту үшін көзделген тауарлар бойынша декларация (бұдан әрі – ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорту үшін көзделген тауарлар бойынша ТД) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттау үшін көзделмеген тауарлар бойынша декларациядан бөлек ресімдеу;

2) егер ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттау үшін көзделген тауарлар бойынша ТД-да көрсетілген импортталған тауарларды Қазақстан Республикасының аумағынан ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына толық көлемде әкету шарттары бірмезгілде сақталған кезде ҚҚС-тан босатылады.

Мыналарда:

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттау үшін көзделген тауарлар бойынша ТД-ның 31, 33-бағандарында;

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағында одан әрі экспорттау үшін көзделген тауарлар бойынша ТД көрсетілген, аумағына тауарлар импортталған ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің салық органының белгісі бар тауарларды әкелу және жанама салықтардың төленгені туралы өтініш қағаз жеткізгіште түпнұсқада және электрондық нысанда ( бұдан әрі – Тауарларды әкелу туралы өтініш) 2, 3, 4 және 5-бағандарында;

тауарлар экспорты кезінде декларант жазып берген электрондық шот-фактураның ( бұдан әрі – ЭШФ) 3/1, 4, 5, 6-бағандарында және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттің аумағында одан әрі экспорттау үшін көзделген тауарлар бойынша ТД көрсетілген тауарлар атауының, ЕАЭО сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасы кодының, тауардың өлшем бірлігінің және мөлшерінің бірегей болуы;

3) егер ЭШФ-ның "Тауарлар, жұмыстар, қызметтер бойынша деректер" G бөлімінде :

15-бағанында көрсетілген ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттау үшін көзделген тауарлар бойынша ТД нөмірі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттау үшін көзделген тауарлар бойынша ТД-ның 20 таңбалы тіркеу нөмірімен сәйкес келсе;

16-бағанда көрсетілген тауар позициясының нөмірі ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттау үшін көзделген тауарлар бойынша ДТ-ның 32-бағанында көрсетілген тауардың реттік нөмірімен сәйкес келсе;

4) егер Тауарларды әкелу туралы өтініште:

11 және 12-бағандарда көрсетілген шот-фактуралардың нөмірі мен күніне ЭШФ-ның "Жалпы бөлім" А бөлімінде көрсетілген нөмірі мен күніне сәйкес келсе;

5) егер қағаз жеткізгіштегі Тауарларды әкелу туралы өтініште көрсетілген мәліметтер электрондық нысандағы Тауарларды әкелу туралы өтініште көрсетілген мәліметтермен сәйкес келсе;

6) егер Тауарларды әкелу туралы өтініш пен ЭШФ саны, аталған тауарлардың импорты кезінде ресімделген, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттау үшін көзделген тауарлар бойынша ТД санына сәйкес келсе;

7) егер 2009 жылғы 11 желтоқсанда қол қойылған ЕАЭО мүше мемлекеттердің салық органдары арасында жанама салықтардың төленген сомалары туралы,

ақпараттарды электрондық түрде алмасу туралы хаттамаға сәйкес ақпараттық байланыс арналары бойынша мемлекеттік кірістер органдарының (бұдан әрі – МКО) ақпараттық жүйесіне Тауарларды әкелу туралы өтініштің электрондық нұсқасы келіп түссе;

8) егер Тауарларды әкелу туралы өтініштің 1-бөліміндегі кестенің 6-бағанында көрсетілген тауар құны, сондай-ақ ЭШФ 8-бағанының G бөлімінде көрсетілген тауар құны ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттауға арналған тауарлар бойынша ТД 45-бағанында көрсетілген тауар құнынан төмен болмаса тауарларды әкету фактісін растау болып табылады.

**Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Премьер-Министрінің орынбасары - Қаржы министрінің 24.06.2022 № 623 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

3. Осы Қағидалардың 2-тармағында көзделген шарттар орындалған жағдайда декларант, Салық кодексінің 49-бабы 10-тармағында көрсетілген мерзім аяқталғанға дейін 3 (үш) жұмыс күнінен кешіктірмей:

1) ҚҚС төлеуден босатуға төлемді кейінге қалдыра отырып төлеу тәсілін өзгерту бөлігінде ЕАЭО мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттауға арналған тауарлар бойынша ТД түзетуге арналған өтініш (еркін нысанда);

2) ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумағына одан әрі экспорттау үшін көзделген тауарлар бойынша ТД (көшірмелері қағаз жеткізгіште);

3) ЭШФ (көшірмелері қағаз жеткізгіште);

4) қағаз жеткізгіштегі Тауарларды әкелу туралы өтінішті;

5) олардың негізінде тауарлардың экспорты жүзеге асырылған өзгерістерді, толықтыруларды және оларға қосымшаларды ескере отырып шартты (келісімшартты);

6) ЕАЭО-ға мүше бір мемлекеттің аумағынан, ЕАЭО-қа мүше екінші мемлекеттің аумағына тауарлардың өткізілуін растайтын тауарға ілеспе жүкқұжаттарды (көшірмелері қағаз жеткізгіште);

7) зияткерлік меншік объектісі экспортталған жағдайда – зияткерлік меншік объектісінің құқығын қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның зияткерлік меншік объектісіне арналған құқық, сондай-ақ оның құны туралы растауын (көшірмесі қағаз жеткізгіште) МКО-ға ұсынады.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің 02.06.2021 № 519 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 30.03.2023 № 309 (алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.**

4. Осы Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көзделген шарттар мен тәртіп сақталған жағдайда Салық кодексінің 49-бабы 10-тармағына сәйкес жанама салықтарды төлеу мерзімі өзгерген және Салық кодексінің 457-бабында белгіленген талаптар орындалған тауарлар импорты ҚҚС-тан босатылады.

5. Осы Қағидалардың 2 және 3-тармақтарында көзделген шарттар мен тәртіп сақталмаған жағдайда импортталатын тауарларға ҚҚС ЕАЭО кеден заңнамасында және (немесе) Қазақстан Республикасының кеден заңнамасында айқындалған тәртіппен және мөлшерде импортталатын тауарларға ҚҚС төлеу үшін белгіленген мерзімнен бастап өсімпұл есептеле отырып төленуге жатады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМҚ